



## Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссиясының дербес құрамы туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Көксу ауданы әкімиятының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 8-35 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 28 шілдеде N 1260 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы N 07 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2011.01.12 N 07 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 17-тармақшасына сәйкес Көксу ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиясы құрылсын және оның дербес құрамы аудандық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітілуге ұсынылсын. (1 қосымша)

2. Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиясының Ережесі бекітілсін. (2 қосымша)

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. Қайнарбековке жүктелсін.

### *Аудан әкімі*

А у д а н ә к і м и я т ы н ы ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 0 8 ш і л д е  
N 8 - 3 5 қ а у л ы с ы н а  
1 қосымша

## Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиясының дербес құрамы:

1. Қайнарбеков Талғат Қанатұлы - аудан әкімінің орынбасары, комиссияның т ө р а ғ а с ы .

2. Сүлейменов Қуаныш Сұлтанұлы - мәдениет жөніндегі бас маман, комиссия хатшысы.

### Комиссия мүшелері:

1. Ибраимова Оңалбайқызы	Гүлжа	Н. Алдабергенов атындағы орта мектебінің директоры

2.	Нүсіпова Темірханқызы	Бақытгүл	аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы
3.	Алшынбекова Бөкейқызы	Ғалия	Балпық би кентінің дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі (келісім бойынша)
4.	Мұсақанова Құрманқызы	Қарлығаш	экономика бөлімінің бастығы
5.	Абдрахманова Сәбитқызы	Мәрия	үкіметтік емес "Шағын несие" қоғамдық қорының өкілі (келісім бойынша)
6.	Балбаева Ертайқызы	Маржан	аудандық еңбек, жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы
7.	Шоқпарбаева Жаңабайқызы	Қазия	аудандық азаматтық ахуал актілерін жазу бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
8.	Нүсіпова Қожахметқызы	Бақытгүл	аудандық оқу бөлімінің қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы (келісім бойынша)
9.	Қалиасқарова Молдахановна	Гүлмира	Аудандық ішкі істер бөлімінің әйелдерге қарсы қылмыстармен күресу бөлімшесінің инспекторы, полиция капитаны (келісім бойынша)

### *Аппараттың басшысы*

А у д а н

2 0 0 3

№

2 қосымша

ж ы л ғ ы

8 - 3 5

ә к і м и я т ы н ы ң

0 8

ш і л д е

қ а у л ы с ы н а

## **Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі**

### **Комиссия туралы**

### **Е Р Е Ж Е**

#### **1.Жалпы ережелер**

1) Аудан әкімияты жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Комиссия (кейін мәтінде Комиссия) консультативтік - кеңесші орган болып т а б ы л а д ы .

2) Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және үкіметінің актілерін, ҚР-ң басқа нормативтік құқықтық актілерін, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық Комиссиясының ұсынымдары мен ұсыныстарын және осы ережені басшылыққа алады.

#### **2. Комиссияның негізгі міндеттері**

1) ҚР Президентінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның басшылықтарына сәйкес және жергілікті жерлердің ерекшеліктерін ескере отырып отбасы, әйелдер және балалар мәселелері жөніндегі аудандық кешенді бағдарламаны құрастыру және аудан әкіміне ұсыну;

2) отбасы, әйелдер мен балаларды әлеуметтік, экономикалық, заң тұрғысынан және психологиялық қолдау шараларын жасауға және жүзеге асыруға қатысу;

3) ауданымыздың экономикалық, әлеуметтік саяси және мәдени өміріндегі отбасы, әйелдер мен балалардың нақты мәселелері жөнінде ақпараттық мәліметтер банкінің құруы;

4) әйелдерді қатыстыра отырып шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, оларды жүзеге асыруға қатысу;

5) жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің (келісім бойынша) отбасы, әйелдер мен балалар жағдайын жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен шешім жобаларын қарауға қатысу;

6) көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға, мектептің жалпыға бірдей білім беруін қамтамасыз етуге, жетім балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, отбасы, әйелдер мен балалардың мәселелеріне байланысты басқа әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға көмектесу ;

7) комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау және оларды аудан әкімияты мен аудандық мәслихатқа ұсыну ;

8) Аудандық отбасы, әйелдер мен балалар жағдайының аспектісін толығырақ және объективті түрде көрсету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іскер байланысты болу ;

9) барлық мүдделі ұйымдармен, өз құзыреті шегінде өзара ынтымақтастықта болу, сондай-ақ отбасы, әйелдер мен балалар істері мәселелері жөнінде аудандық конференциялар, семинарлар, мәжілістер өткізуді ұйымдастыру;

### **3. Алдында тұрған міндеттерін жүзеге асыру үшін комиссия төмендегі құқықтарға ие**

1) өз мәжілістеріне мемлекеттік органдардың аудан әкіміне тікелей бағынатын және есеп беретін басшылары мен лауазымды адамдарын шақырып олардың есептерін тыңдау ;

2) өз қызметін жүзеге асыру үшін қажет құжаттарды, материалдарды және ақпараттарды белгіленген тәртіп бойынша сұрату;

3) штаттан тыс сарапшылар ретінде беделді және кәсіпқой дайындалған жұртшылық өкілдерін комиссия мәжілістерін дайындауға, тексерулерге және

облыстық бағдарламалар әзірлеуге қатысу үшін белгіленген тәртіпте тарту;

4) отбасы, әйелдер және балалар жағдайын жақсарту мақсатында мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге статистикалық талдау, әдістемелік және өзге де ақпараттық материалдар жіберу;

#### **4. Комиссия жұмысын ұйымдастыру**

1) Комиссия өз қызметін осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

2) Комиссияның сандық және дербес құрамын комиссия төрағасының ұсынысы бойынша, әкімият белгілейді. Төрағаның орынбасарлары және жауапты х а т ш ы с ы б а р .

3) Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай, жарты жылда кем дегенде бір рет ө т к і з і л е д і .

4) Комиссия шешімді мәжіліске қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік жай даусымен қабылдайды. Дауыс саны тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Комиссия мүшелерінің жалпы санының кем дегенде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда мәжіліс шешімдері хаттамамен рәсімделеді.

#### **5. Комиссия төрағасы:**

1) Комиссия қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Комиссия мәжілістерін шақырады және оларда төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмағанда оның тапсыруымен мәжіліске оның орынбасары немесе Комиссия мүшелерінің бірі төрағалық етеді.

3) Комиссия мәжілісінің күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша Комиссия мүшелерінің қатарынан баяндамашыны анықтайды;

4) Аудан әкімияты алдында Отбасы және әйелдер комиссияның төрағасы Комиссия жұмысының қорытындысы туралы жылдық есеп береді.

5) Комиссия қызметін қамтамасыз ету.

Комиссия қызметіне ақпараттық-талдау жасау мен ұйымдастыру аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімі жүзеге асырады.

*Аудан әкімінің орынбасары*